

# «Көк байрағым» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25–жылдығына арналған «Ұрпақ+» мәдени-білімдік жобасын жүзеге асыру аясында жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілетін «**Көк байрағым**» тақырыбындағы шығармашылық жұмыстардың республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) жүргізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. **Мақсаты:** білім беру ұйымдары білім алушыларының зерттеушілік және зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамыту

**Міндеттері:**

білім алушылардың бойында Қазақстан Республикасы рәміздерінің тарихына деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру;

қазақ халқының тарихына тарту арқылы байқауға қатысушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және қолдау;

мемлекеттік атрибуттар мен геральдиканы білу негізінде оқушылардың бойында зерттеу қызметі дағдыларын жетілдіру;

қазақстандық патриотизмді, мемлекет рәміздеріне деген мақтаныш пен құрмет сезімдерін тәрбиелеу.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

## 2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. Байқау жұмыстары **2016 жылғы 5 мамырға дейін** [konkurs.16@mail.ru](mailto:konkurs.16@mail.ru) электронды поштасына қабылданады.

**2016 жылғы 5 мамырдан кейін** түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2016 жылғы 20 мамырда** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды және рецензиялар берілмейді.

7. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО «Банк Центр Кредит»

Төлемақының аталуы: **«Көк байрағым»** байқауы.

Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөнін, тегін міндетті түрде көрсету керек.

Байқауға қатысу үшін [konkurs.16@mail.ru](mailto:konkurs.16@mail.ru) электронды поштасына келесі құжаттарды міндетті түрде жіберу қажет:

- 1) қосымшада көрсетілген форма бойынша өтінім;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы түбіртегін немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрде байқау жұмысы.

### **3. Байқау талаптары**

8. Байқауға 7-17 жас аралығындағы жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

- 7-10 жастағы кіші санат;
- 11-14 жастағы орта санат;
- 15-17 жастағы ересен санат.

9. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

**1. «Менің руымның елтаңбасы» номинациясы.** Суреттер байқауы.

Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар:

Байқауға кез келген материалда (ватман, картон, холст және т.б.) орындалған рудың елтаңбалық суреттері және орындау техникасы әр алуан (майлы бояу, акварель, тушь, бояу қарындаш, бор) жұмыстар жіберіледі. Барлық жұмыстар фотоға түсірілген және электронды түрде JPEG немесе BMP форматында салынған болуы қажет. Графикалық файлдың көлемі 3 мегабайттан аспауы тиіс.

Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

- 1) тақырыпқа және байқау номинациясына сай;
- 2) шынайылығы: ру тарихына сәйкес;
- 3) жұмыстың орындалу сапасы;
- 4) автордың жасы шығармашылық деңгей сәйкес болуы

**2. «Облыс, қала, аудан елтаңбаларындағы геральдикалық нышандар» номинациясы.** Әңгімелер байқауы.

Әңгімеде қатысушы тұратын облыс, қала, аудан елтаңбаларындағы

геральдикалық нышандар туралы ақпарат берілуі және мағынасы түсіндірілуі, елтаңба суреті (фото) болуы қажет. Әңгіме суреттермен толықтырылуы мүмкін.

Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар:

1) әңгіме мәтіні MSWord. мәтіндік редакторда терілуі, шрифті - Times New Roman; шрифт көлемі - 14; ара қашықтық - 1; екі шетінде - 2 см, ені тегістелген, бірінші жолдан шегініс – 1,25 см;

2) жұмыс көлемі – А4 форматында 1-3 бет, суреттерін қоса алғанда Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

1) шынайылығы: облыс, қала, аудан елтаңбаларындағы геральдикалардың құрылу тарихына сәйкес;

2) материалды ұсыну ерекшелігі және шығармашылық тәсіл;

3) сауаттылық.

### **3. «Отанымыздың рәміздері – біздің рәміздеріміз» номинациясы.**

Авторлық сөзжұмбақтар, күрделі жұмбақтар, ребустар, жай жұмбақтар, викториналар қабылданады.

Байқау жұмыстары:

толтырылмаған сөзжұмбақ және жауаптары жазылған сөзжұмбақ;

ребустар және олардың жауаптары,

жауаптары берілген викторина, жұмбақтар болуы қажет;

Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар:

1) викторина, сөзжұмбақтардың сұрақтары MSWord. мәтіндік редакторда терілуі, шрифт: Times New Roman; шрифт көлемі - 14; ара қашықтық -1 болуы міндетті.

2) жұмыс көлемі (викторина 10 - 15 сұрақтан (иллюстрациясы берілген сұрақтар мен жауаптарды жіберуге болады).

Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

шынайылығы:

Қазақстан Республикасы рәміздерінің құрылу тарихына сәйкес;

сұрақтар мен жауаптардың ғылымилығы, мазмұндылығы, ықшамдылығы;

сұрақтар мен жауаптарды ресімдеудің ерекшелігі және шығармашылық тәсіл;

эстетикасы және сауаттылығы.

**4. «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық байлық» номинациясы.** Шешендік шеберлік байқауы. Байқауға қатысушының орындауында жасалған видеоролик жіберіледі, speech ұзақтығы 1-2 минут.

Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

1) тақырыпқа сәйкестігі;

2) ақпараттың ерекшелігі және мазмұндылығы;

3) материалды беруде өзіндік ой және түсінікті болуы;

4) сөйлеу мәдениеті.

### **5. «Мемлекеттік егеменділік рәміздері» номинациясы.**

Байқауға Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары бейнеленген марка, ашық хат (открытка), мүсіншелер, плакаттар, сувенирлер коллекциялары қабылданады.

Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар:

- 1) экспонаттар саны 5 және одан артық болуы;
- 2) коллекция толық көрсетілген фотография А4 форматында, ілеспе ақпараты берілген JPEG.

Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

- 1) шынайылығы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне сәйкестігі;
- 2) эстетикалық тұрғыдан рәсімделуі;
- 3) сауаттылығы.

10. Байқауға қатысушы бір және бірнеше номинация бойынша қатыса алады.

Әр номинация бойынша бір ғана жұмыс қабылданады. Әр номинация бойынша төлемақы бөлек төленеді.

11. Байқау жұмысының титул парағын рәсімдеу тәртібі:

- облыс, аудан (қала), ауыл;
- білім беру ұйымы;
- байқау атауы және номинациясы;
- автордың аты-жөні, жасы;
- жетекшінің аты-жөні;
- жетекшінің қызметі және жұмыс орны;
- email және байланыс мәліметтері

12. Байқауда басқа адамның және ғаламтор мәліметтерін пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмыстары ешбір сайтта жарияланбаған болуы керек.

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

13. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

14. Байқау жеңімпаздарының дипломдары, олардың жетекшілеріне алғыс хаттар және қатысушыларға арналған сертификаттардың электронды нұсқалары <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> сайтында автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

**Анықтама алуға арналған телефондар:** 8(7172) 24-93-12, 87011209707, Людмила Васильевна.

Онлайн дипломдар мен сертификаттарды жүктеу нұсқасы [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) → Республикалық іс-шара → Байқау «**Көк байрағым**» → бұдан әрі.

Республикалық қашықтықтан өткізілетін интернет-байқауға  
қатысуға өтінім

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Облыс, аудан (қала), ауыл, білім беру ұйымы; сыныбы, курсы)	Байқау, номинациялар және жұмыс атауы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефон, эл. пошта)	Жетекшінің аты-жөні, бар болса, қызметі және жұмыс орны	Жетекшінің байланыс мәліметтері (ұялы телефон, эл. пошта)
1	2	3	4	5	6	7